

**"Банктердің қаржылық есебі" N 21 бухгалтерлік есеп беру стандартын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 15 қазан N 399 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 27 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1780. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 4 желтоқсандағы N 121 Қаулысымен.

***Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006.12.04 N 121 Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде бухгалтерлік есепті жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. "Банктердің қаржылық есебі" N 21 бухгалтерлік есеп беру стандарты бекітілсін және стандарт пен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін к ү ш і н е е н г і з і л с і н .

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және "Банктердің қаржылық есебі" N 21 бухгалтерлік есеп беру стандартын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және "Банктердің қаржылық есебі" N 21 бухгалтерлік есеп беру стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Келісілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і

2001 жылғы 21 тамыз

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 15 қазандағы  
N 399 қаулысымен  
бекітілген

## **Бухгалтерлік есеп беру стандарты 21**

### **Банктердің қаржылық есебі**

#### **1-тарау. Қолданылу күшінің мақсаты мен аумағы**

1. Осы Стандарт банктердің қаржылық есеп беруді жасаған кезде қолдануына  
а р н а л ғ а н .

2. Осы Стандарттағы "банк" термині "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы және банктің ресми мәртебесі бар коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны білдіреді.

3. Осы Стандарт қызметі өзге субъектілердің қызметінен ерекшеленетін банктердің қаржылық есеп беруін жүзеге асыру ерекшеліктерін ескереді. Бұл жағдай банктердің және өзге субъектілердің бухгалтерлік есеп беруіне және қаржылық есеп беруіне қойылатын талаптардың айырмашылығына себепші болады. Банктердің қаржылық есеп беруі осы есеп пайдаланушыларының банктердің игілігі туралы, соның ішінде банктер қызметінің жекелеген түрлеріне қатысты олардың төлем жасау қабілеттілігі, өтімділігі мен тәуекелдің салыстырмалы дәрежесі жайлы ақпаратқа қызығушылығын қанағаттандыруы тиіс, осыған орай өтімділік пен тәуекелді басқару және бақылау мәселелері бойынша қаржылық есепке түсініктеме ұсыну көтермеленеді.

4. Осы Стандарт уәкілетті орган бекіткен бухгалтерлік есептің басқа да, осы Стандарттың ережелеріне қайшы келмейтін, банктердің қолдануына болатын  
с т а н д а р т т а р ы н т о л ы қ т ы р а д ы .

5. Осы Стандарт банктің жеке, сол сияқты шоғырландырылған есебіне жатады. Банк және оның еншілес банктері банк операцияларын жүргізген жағдайларда, осы Стандарт бұл операцияларға шоғырландырылған негізде  
қ о л д а н ы л а д ы .

#### **2-тарау. Осы Стандартта қолданылатын түсініктер**

6. Қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға жұмсалған амортизацияланған шығындар - бұл борыштың негізгі төленген сомасын шегеру, алғашқы құны мен өтеу кезіндегі құны арасындағы айырмашылықтардың есептелген амортизациясын қосу немесе алу, активтің баланстық құны осы активті сату немесе пайдалану нәтижесінде алынуы мүмкін сомадан артық болған жағдайларда туындайтын құнсыздануына немесе үмітсіз берешекке байланысты ішінара есептен шығаруды (тікелей немесе түзету енгізілген есепшотты пайдалана отырып жүзеге асырылатын) алып тастағаннан кейінгі бастапқы кезде танылған анықталған қаржылық активтердің немесе қаржылық міндеттемелердің құны.

7. Үлес құралы - кез келген заңды тұлғаның барлық міндеттемелерін ұстап қалғаннан кейін қалатын осы заңды тұлғаның активтер үлесіне құқығын растайтын шарт.

8. Мәміле бойынша шығындар - қаржылық активті немесе міндеттемені сатып алумен немесе олардың істен шығуымен тікелей байланысты қосымша шығасылар.

9. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар - банктің өтеу мерзімі басталғанға дейін иелену мақсатында және сондай мүмкіндікпен сатып алған белгіленген немесе анықталатын төлемдері және өтеудің белгіленген мерзімі бар қаржылық активтері. Берілген заемдар және дебиторлық берешек жөніндегі талаптар өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар санатына жатпайды.

10. Хеджирлеу құралы - туынды құрал немесе кейбір жағдайларда болжам жасайтындай, әділ құны не ақша ағынындағы өзгерістер белгілі бір хеджирленетін баптың әділ құны не ақша ағынындағы өзгерістердің орнын толтыратын басқа да қаржылық актив немесе міндеттеме. Туынды емес қаржылық активтер және туынды емес қаржылық міндеттемелер валюта бағамының өзгеру тәуекелін хеджирлейтін жағдайда, хеджирлеу кезінде бухгалтерлік есепке алу мақсатында хеджирлеу құралы ретінде белгіленуі мүмкін.

11. Өтімділік - өтеу мерзімі басталған жағдайда банктің өз клиенттері алдындағы міндеттемелерін және өзге қаржылық міндеттемелерді қанағаттандыруға жеткілікті қаражаттың болуы.

12. Сыйақының тиімді ставкасының әдісі - қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеме сыйақысының тиімді ставкасын қолдану арқылы амортизацияны есептеу әдісі.

13. Төлем жасау қабілеттілігі - талаптардың банк капиталының сәйкестігін қамтамасыз ететін міндеттемелерден асып кетуі.

14. Ақша ағындары - ақшаның және олардың баламаларының банкке келуі мен банктен кетуі.

15. Туынды құрал дегеніміз:

1) құны қандай да болмасын өзгермелі (кейде "негізгі" деп аталады) жағдайдан, мысалы: сыйақы ставкасының, бағалы қағаз бағамының, тауар бағасының, валюта бағамының, бағалар немесе ставкалар индексінің, кредиттік рейтинг немесе кредиттік индекстің өзгеруіне байланысты өзгереді;

2) бағамы ұқсас жағдайда рынок конъюнктурасындағы өзгерістерге әсер ететін басқа келісім-шарттармен салыстырғанда сатып алу үшін шамалы бастапқы инвестицияларды талап ететін; және

3) есеп айырысулар болашақта жүзеге асырылатын қаржы құралы.

16. Проценттік маржа - сыйақы түріндегі кірістер және сыйақы түріндегі шығыстар арасындағы айырмашылық.

17. Әділ құн - хабардар және мәмілеге дайын тәуелсіз тараптар арасында актив ауысатын немесе міндеттеме төленетін құн.

18. Қатаң келісім - санын, бағасын және болашақтағы айырбастау күнін шарт белгілейтін, ресурстарды айырбастауға міндетті қолданылу күші бар шарт.

19. Берілген заемдар және дебиторлық берешек жөніндегі талаптар - жақын арада оларды беру құқығын басқаға беру жағдайларын есептемегенде банктің ақшаны немесе қызмет көрсетуді тікелей заемшыға (борышкерге) берудің нәтижесінде пайда болған қаржылық активтер. Осы жағдайларда олар сауда үшін арналған деп жіктеледі. Берілген заемдар және дебиторлық берешек жөніндегі талаптар өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың құрамына енгізілмейді.

## 20. Шартты міндеттеме дегеніміз:

1) банктің толық бақылауында болмайтын бір немесе одан да көп белгісіз болашақ жағдайлардың болу не болмауымен ғана расталатын, өткен жағдайлардан туындайтын ықтимал міндеттеме; немесе

2) өткен жағдайлардан туындайтын, бірақ экономикалық пайда түсіретін ресурстардың кетуі міндеттемені реттеу үшін қажет болатын немесе міндеттеме сомасының жеткілікті сенімділікпен бағалану мүмкіндігі болмағандықтан т а н ы л м а й т ы н м і н д е т т е м е .

21. Шартты талап - өткен жағдайлардан туындайтын, банктің толық бақылауында болмайтын бір немесе одан да көп белгісіз болашақ жағдайлардың болу не болмауымен ғана расталатын ықтимал актив.

22. Қаржылық міндеттеме - кез келген, шартта көзделген міндеттеме:

1) ақшаны не басқа да қаржылық активті басқа субъектіге беру; немесе

2) қаржы құралдарын басқа субъектімен әлеуетті тиімсіз талаптарда а у ы с т ы р у .

23. Қаржылық активтерге мынадай активтер жатады:

1 ) а қ ш а ;

2) басқа субъектіден ақша немесе басқа қаржылық активтерді алуға шартта к ө з д е л г е н қ ұ қ ы қ ;

3) басқа субъектімен әлеуетті тиімді талаптарда қаржылық құралдарды айырбастауға шартта көзделген құқық; немесе

4) заңды тұлғаның барлық міндеттемелерін есептен шығарудан кейін қалатын басқа заңды тұлғаның активтер үлесіне тиетін шартта көзделген құқық.

24. Саудаға арналған қаржылық активтер немесе міндеттемелер - бағаның қысқа мерзімді ауытқуы немесе осындай активтер не міндеттемелерді сатып алу мен сату бағасының арасындағы айырмашылықтың нәтижесінде туындайтын, кіріс алу мақсатында банк сатып алатын не қабылдайтын активтер немесе міндеттемелер. Портфельдің бір бөлігі болып табылатын, нақты құрылымы қысқа мерзімді болашақта кіріс алуға ұмтылуын көрсететін қаржылық актив сатып алу себептеріне қарамастан саудаға арналғандықтан жіктелуі тиіс.

Сонымен қатар туынды қаржылық активтер және туынды қаржылық міндеттемелер хеджирлеудің тиімді құралдары ретінде сатып алу немесе қабылдау жағдайларынан басқа, саудаға арналғандықтан жіктелуге жатады.

25. Сатуға жарамды қаржылық активтер - саудаға арналған қаржылық активтер немесе міндеттемелер; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; және берілген заемдар мен дебиторлық берешек жөніндегі талаптар ретінде жіктеле алмайтын қаржылық активтер.

26. Қаржы құралы - шарт жасасқан кезде шарт тараптарының біреуінде қаржылық актив, екіншісінде қаржылық міндеттеме немесе өзінің барлық міндеттемелерін есептен шығарудан кейін қалатын активтер үлесіне бірінші тараптың шартта расталған талабын орындауға міндеттеме туындайтын шарт.

27. Бухгалтерлік есепте пайдалану мақсатында хеджирлеу - хеджирлеудің бір немесе одан да көп құралдарын пайдалану арқылы хеджирленетін баптың әділ құнындағы не ақша ағындарындағы өзгерістерді толық немесе ішінара орнын толтыру үшін қаржы қызметіне байланысты валюталық және басқа тәуекелдерді сақтандыру.

28. Хеджирленетін бап - банкті әділ құндағы өзгерістердің тәуекеліне немесе болашақ ақша ағындары өзгерістерінің тәуекеліне ұшырататын және бухгалтерлік есептің мақсатында хеджирленген ретінде сипатталатын актив, міндеттеме, қатаң келісім немесе болжанатын болашақ мәміле.

29. Ақша баламасы - ақшаның белгілі бір сомасына оңай айналатын, құнындағы өзгерістер тәуекелі аз болатын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары салымдар.

30. Сыйақының тиімді ставкасы - қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеменің ағымдағы таза баланстық құнына дейін төлем мерзімі басталғанға не ставканы қайта қараудың кезекті күніне дейін болашақ төлемдерінің күтілетін сомасын тура дисконттау кезінде қолданылатын ставка. Есеп айырысуға шарттың тараптары төлеген немесе алған барлық сыйақылар және өзге сомалар кіреді. Сыйақының тиімді ставкасы кейде өтеуге немесе ставканы келесі қайта қарау сәтіне кіріс деңгейі болып аталады және осы кезең ішіндегі қаржылық актив не қаржылық міндеттеме кірістілігінің ішкі нормасы болып табылады.

31. Хеджирлеудің тиімділігі - хеджирлеу құралының көмегімен хеджирленетін тәуекелдің болуымен байланысты туындайтын әділ құндағы немесе ақша ағынындағы өзгерістердің орнын толтыру дәрежесі.

### **3-тарау. Банктердің қаржылық есебі**

32. Пайдаланушыларға берілетін қаржылық есепте банктің қаржы-шаруашылық қызметінің қаржылық жағдайына және нәтижелеріне баға беру үшін, сондай-ақ экономикалық шешімдерді қабылдау және банк қызметінің ерекшеліктерін неғұрлым толық түсіндіру үшін жарамды, маңызды, сенімді және салыстырмалы ақпарат болуы тиіс. Банктердің жұртшылықтың көбінесе қол жеткізе алмайтын мәліметтерді беретін реттеуші органдардың бақылауында болуына қарамастан, осындай ақпарат пайдаланушыларға қажет. Осыған орай банктің қаржылық есебінің мәнін ашу банктің басшылығынан талап етуге болатын шеңберде қаржылық есеп пайдаланушыларының қажеттіктерін жеткілікті түрде толық қанағаттандыруды талап етеді.

33. Қаржылық есеп банктің баланстық, сол сияқты баланстан тыс баптарында танылған банк талаптарына және міндеттемелеріне тән өтімділікте, төлем жасау қабілеттілігінде, сондай-ақ тәуекелдің дәрежесінде қаржылық есеп пайдаланушыларының мүддесін қанағаттандыруы тиіс. Банк өтімділік тәуекеліне және валюта бағамдарының ауытқушылықтары, проценттік ставкалардың қозғалыстары, рыноктық бағалар мен қарсы әріптестердің банкроттығы өзгерістерінен туындайтын тәуекелдерге ұшырайды. Осындай тәуекелдер банктің қаржылық есеп беруінде көрінуі мүмкін, алайда пайдаланушылар ең жақсы түсінікті қаржылық есеп беруге қоса берілетін түсіндірме жазбаға банк қызметімен байланысты тәуекелдерді басқару мен бақылау жолдарын сипаттайтын ақпарат берілген жағдайда ғана алады.

34. Банктің қаржылық есебіне бірақ олармен шектелмей, мыналар кіреді:

- 1) бухгалтерлік баланс;
- 2) қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп;
- 3) ақша қозғалысы туралы есеп;
- 4) капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- 5) түсіндірме жазба.

### **4-тарау. Бухгалтерлік баланс**

35. Банктің бухгалтерлік балансындағы активтер мен міндеттемелер сипатына қарай топтастырылады және олардың өтімділік дәрежесінің кему тәртібімен

о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

36. Банктің бухгалтерлік балансы мәнінің ашылуына немесе оның қаржылық есебіне түсініктерге бухгалтерлік есепті берудің басқа стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын ақпаратқа қосымша ретінде активтер мен міндеттемелердің мынадай баптары, бірақ олармен шектелмей, енгізілуі тиіс:

1 )                    А к т и в т е р :

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есепшоттарындағы ақша және оның қ а л д ы ғ ы ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қайта қаржыландыруға қолайлы бағалы қағаздар;

Саудаға арналған бағалы қағаздар;

Басқа банктерде орналастырылған салымдар (депозиттер) және басқа банктерге берілген заемдар;

Ақша рыногындағы басқа да орналастырулар;

Клиенттерге берілетін заемдар;

Басқа да бағалы қағаздар;

2 )                    М і н д е т т е м е л е р :

Банктерден алынған салымдар (депозиттер);

Ақша рыногының басқа да салымдары (депозиттер);

Өзге салымшыларға берешек сомалары;

Депозиттік сертификаттар;

Құжаттармен расталған басқа да борыштық міндеттемелер;

Басқа да тартылған қаражат.

37. Пайда болу сипаты бойынша банк талаптары мен міндеттемелерінің топтастырылуы және олардың өтімділік дәрежесінің кему тәртібімен орналасуы жіктеудің неғұрлым қолайлы әдісі болып табылады және біршама дәрежеде оларды өтеудің мерзімдерімен сәйкес келуі мүмкін. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді баптар жеке көрсетілмейді, өйткені олар жақын арада өткізілуі немесе ө т е л у і м ү м к і н .

38. Банктің оның басқа банктермен, ақша рыногының басқа да қатысушыларымен немесе басқа салымшыларымен өзара қарым-қатынастарын белгілейтін есепшоттарында есепте тұрған қалдықтар арасындағы айырмашылық банктің басқа банктермен және ақша рыногымен қатынастарын, сондай-ақ банктің оларға тәуелділігін көрсетеді. Осыған орай банк мыналарды бөлек

к ө р с е т е д і :

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есепшоттарындағы қалдықтар;
- 2) басқа банктерде орналастырылған салымдар (депозиттер) мен заемдар;
- 3) ақша рыногындағы басқа да орналастырулар;
- 4) банктерден алынған салымдар (депозиттер) мен заемдар;
- 5) ақша рыногының қатысушыларынан алынған басқа да салымдар (депозиттер) ;
- 6) басқа да алынған салымдар (депозиттер).

39. Банк депозиттік сертификаттар берген салымдар (депозиттер) рынокта еркін айналатындықтан және банк әдетте оларды ұстаушыларды білмейтіндіктен ж е к е к ө р с е т і л е д і .

40. Бухгалтерлік балансқа енгізілген кез келген актив немесе міндеттеме, егер есепке алу мен өтемақыға заңды құқық болмаса немесе бұл жағдай активтің сатылуын не міндеттеменің төленуін көрсетпесе, басқа міндеттеме немесе активті есептен шығару арқылы теңестірілмейді.

41. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер бастапқы танылу кезінде нақты шығындар, яғни оған төленген (актив болған жағдайда) немесе алынған (міндеттеме болған жағдайда) өтемнің әділ құны бойынша бағаланады. Мәміле жасау жөніндегі шығындар барлық қаржылық активтер мен міндеттемелердің бастапқы құнына енгізіледі.

42. Кейінгі баға беру мақсатында банктің қаржылық активтері төрт санатқа б ө л і н е д і :

- 1) саудаға арналған қаржылық активтер;
- 2) өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар;
- 3) берілген заемдар және дебиторлық берешек жөніндегі талаптар;
- 4) сатуға жарамды қаржылық активтер.

43. Бастапқы танылудан кейін қаржылық активтер активтерді сату және басқа да есептен шығарылуы кезінде жасалған мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып әділ құн бойынша бағаланады. Осы талап өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар және берілген заемдар мен дебиторлық берешек жөніндегі талаптардың санатына жатқызылатын қаржылық активтерге, сондай-ақ белсенді рынокта рыноктық баға беру болмайтын және осыған орай олардың әділ құны шынайылықтың жеткілікті дәрежесімен белгіленуі мүмкін емес қаржылық активтерге қатысты қолданылмайды. Аталған қаржылық активтер, сондай-ақ

өтеудің белгіленген мерзімі бар қаржылық активтер сыйақының тиімді ставкасының әдісін қолдану арқылы амортизацияланған шығындар сомасында бағаланады. Өтеудің белгіленген мерзімі жоқ қаржылық активтерді нақты шығындар бойынша бағалау қажет.

44. Бухгалтерлік баланстағы бастапқы танылудан кейін қаржылық міндеттемелер амортизацияланған шығындар бойынша бағаланады. Бухгалтерлік баланстағы бастапқы танылудан кейін әділ құн бойынша бағаланатын құнын шынайылықтың жеткілікті дәрежесімен белгілеу мүмкін емес, онымен байланысты баға қойылмаған үлес құралын жеткізу арқылы орындалатын туынды құралдар бойынша нақты шығындарда көрінетін міндеттемені есепке алмағанда, саудаға арналған міндеттемелер және туынды құралдар бойынша міндеттемелер ғана есепке алынады.

#### **5-тарау. Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеп**

45. Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп сипаты бойынша топтастырылатын банктің кірістері мен шығыстарының негізгі түрлерін ашуы т и і с .

46. Банктің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептегі мәнін ашуға немесе бухгалтерлік есептің басқа стандарттарының талаптарына сәйкес берілетін ақпаратқа қосымша оның қаржылық есеп беруіне ескертулерге кірістер мен шығыстардың мынадай баптары, бірақ олармен шектелмей, енгізілуі т и і с :

- 1) сыйақы түріндегі кіріс және осыған ұқсас кірістер;
- 2) сыйақы түріндегі шығыс және осыған ұқсас шығыстар;
- 3) дивидендтер түріндегі кіріс;
- 4) комиссия және алымдар түріндегі кіріс;
- 5) комиссия және алымдарды төлеуге жұмсалатын шығыс;
- 6) бағалы қағаздармен жүргізілетін сауданың нәтижесінде шығыстарды (шығындарды) есептен шығара отырып алынған кіріс;
- 7) басқа да бағалы қағаздар бойынша шығыстарды (шығындарды) есептен шығара отырып түскен кіріс;
- 8) шетел валютасымен жүргізілетін сауда операциялары бойынша шығыстарды (шығындарды) есептен шығара отырып түсетін кіріс;
- 9) басқа да операциялық кіріс;
- 10) заемдар бойынша шығындар;
- 11) жалпы әкімшілік шығыстар;
- 12) басқа да операциялық шығыстар.

47. Банк операцияларын жүргізудің нәтижесінде банк алатын кірістің негізгі түрлеріне сыйақы, қызмет көрсетуге алымдар, комиссиялық алымдар және бағалы қағаздармен операциялардың нәтижелері жатады. Кіріс түрлерінің әрқайсысы жеке ашылады, себебі бұл жағдай банк жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

48. Банктің банк операцияларын жүргізудің нәтижесінде туындайтын шығыстың негізгі түрлеріне сыйақы, комиссиялық алымдар, заемдар бойынша шығындар, инвестициялардың баланстық құнының азаюымен байланысты шығыстар, сондай-ақ жалпы әкімшілік шығыстар жатады. Шығыс түрлерінің әрқайсысы жеке ашылады, себебі бұл жағдай банк жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

49. Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте кірістер мен шығыстардың баптары хеджирлеуге және осы Стандарттың 40-тармағына сәйкес есептелген талаптар мен міндеттемелерге жататын баптарды есепке алмағанда, өзара есептелмеуі тиіс, өйткені бұл жағдай пайдаланушыларға банк қызметінің жекелеген түрлерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік бермейді және банктің активтердің белгілі санаттары бойынша алатын кірісін көрсетпейді.

50. Саудаға арналған, бағалы қағаздарды сатудан немесе олардың баланстық құнындағы өзгерістер; қаржылық активтердің басқа санаттарына жататын бағалы қағаздарды сатудан; және валюталық операциялардан алынған кіріс және шығыс нетто-негізде көрсетіледі.

51. Сыйақы түріндегі кірістер мен шығыстар жеке ашылады, себебі бұл жағдай проценттік маржа құрамының неғұрлым толық түсіндірілуін және өзгерістердің себептерін қамтамасыз етеді.

52. Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепке сыйақының орташа ставкалары, сондай-ақ проценттік активтер мен міндеттемелердің орташа мәндері бойынша түсініктер енгізілуі мүмкін. Банкте жеңілдік берілген салымдар (депозиттер) және сыйақы ставкасы рыноктық ставкалардан төмен болатын мемлекет берген басқа құралдар болған жағдайда олардың мөлшері мен таза кіріске әсері түсіндірме жазбада ашылуы тиіс.

Сонымен бірге қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепке банк кірісті немесе шығысты таныған активтер мен міндеттемелердің баланстық құнындағы өзгерістердің себептері туралы түсініктемелер енгізілуі мүмкін.

## **6-тарау. Ақша қозғалысы туралы есеп**

### **1. Ақша қозғалысы туралы есеп беру**

53. Ақша қозғалысы туралы есеп есеп беру кезеңіндегі операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет бойынша жіктелетін ақша ағындары туралы мәліметтерді ашуы тиіс.

54. Қызмет түрлері бойынша топтастыру пайдаланушыларға қызметтің әрбір түрінің банктің қаржылық жағдайына, оның ақша сомасына және баламаларына, сондай-ақ қызметтің түрлері арасындағы өзара байланыстың әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

55. Ақша қозғалысы туралы есеп жасаған кезде ақша ағындарының өзара есептесуімен, валюталық ақша ағындарымен, ақшалай емес операциялармен және осы тараудың 5-14 параграфтарында түсініктері келтірілетін басқа да аспектілермен байланысты мәселелер туындауы мүмкін.

### **2. Операциялық қызмет**

56. Операциялық қызметтің нәтижесінде туындайтын ақша ағындарының мөлшері заемдарды өтеу, дивидендтерді төлеу, операциялық мүмкіндіктерді сақтау және қаржыландырудың сыртқы негіздерінен тыс жаңа инвестицияларды жүзеге асыру үшін банк операцияларының ақшаның жеткілікті ағындарын жүзеге асыру дәрежесі туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Ақшаның бастапқы операциялық ағындарының нақты баптары туралы ақпарат басқа ақпаратпен үйлескенде операциялық қызметтің болашақ ақша ағындарын болжау үшін өте пайдалы.

57. Операциялық қызметтен пайда болатын ақша ағынының пайда болуы банктің негізгі (банктік), пайда әкелетін қызметіне негізінен алғанда байланысты. Бұл ағындар операциялардың және таза кірісті немесе шығысты анықтау кезінде есепке алынатын басқа да жағдайлардың нәтижесі болып табылады. Операциялық қызметтен пайда болатын ақша ағынының мысалы мыналар:

- 1) банк қызметіне байланысты ақша түсімдері және төлемдер;
- 2) банктердің тиісті лицензиялары болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген операцияларға байланысты ақша түсімдері мен төлемдер;
- 3) тауар және көрсетілген қызмет үшін өнім берушілерге төлемдер;
- 4) қызметкерлерге және олардың атынан берілетін төлемдер;
- 5) қаржылық немесе инвестициялық қызметке байланысты болмайтын

жағдайдағы ақша төлемдері немесе табыс салығын қайтару.

58. Банктердің заемдар беруі және салымдар (депозиттер) тартуы операциялық қызмет ретінде жіктеледі, өйткені олар банктің негізгі, пайда әкелетін қызметіне жатады.

59. Операциялық қызметтен келетін ақша ағынын банк жанама әдісті қолдана отырып көрсетуі тиіс, мұндай жағдайда есепті кезең ішіндегі таза табыс немесе шығын ақша ағынын туғызбаған операция нәтижелерін, кез келген мерзімін ұзарту немесе операциялық ақша түсімін есептеуге не болмаса өткен немесе болашақтағы кезеңдердің төлемдері және инвестициялық немесе қаржылық ақша ағынына байланысты кіріс немесе шығыс баптары ескере отырып түзетіледі.

60. Жанама әдіс жағдайында операциялық қызметтен пайда болған таза ақша ағыны есеп берілетін кезең ішіндегі таза табысты немесе шығынды мыналарды ескере отырып түзеу арқылы анықталады:

1) есеп берілетін кезең ішіндегі қорда болған өзгерісті және операциялық дебиторлық және кредиторлық берешекті;

2) тозуды, резерв құруға арналған аударымдарды, мерзімі кейінге қалдырылған салықтарды, шетелдік валютамен жасалатын операциялар бойынша пайдаланылмаған пайда немесе шығынды, тәуелді ұйымдардың бөлінбенген кірістер және азшылықтың үлесі сияқты ақшалай емес баптарды; және

3) инвестициялық немесе қаржылық ақша ағынын тудыруға әкелетін басқа да баптар.

Жанама әдісті қолдану кезінде операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағыны қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте ашылған кірістер мен шығыстарды көрсету және операциялық қызметтен туындайтын алынатын және төленетін қорлар мен сомаларына есепті кезең ішіндегі өзгерістер арқылы берілуі тиіс.

### 3. Инвестициялық қызмет

61. Инвестициялық қызметтен пайда болатын ақша қозғалысын жеке-жеке ашудың қажеттілігі мұндай ағындар туралы ақпараттың болашақтағы табысты және ақша ағынын қамтамасыз ету үшін шығарылған шығыстардың не мақсатқа арналғандығын көрсететіндігіне негізделген. Жалпы түсімдер мен инвестициялық қызметтен алынған ақшаның негізгі түрлері бөлек көрсетілуі тиіс. Банктің инвестициялық қызметінен болатын ақша ағынына мыналар мысал бола алады:

1) негізгі құрал-жабдықтарды, материалдық емес активтерді және басқа ұзақ

мерзімді активтерді сатып алуға арналған төлемдері;

2) негізгі құрал-жабдықтарды, материалдық емес активтерді және басқа ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен ақша төлемдері;

3) басқа заңды тұлғалардың үлестік немесе борыштық құралдарын және бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерін сатып алуға арналған төлемдері (ақша баламасына қатысы жоқ және саудаға арналмаған).

Белгілі бір баптарды хеджирлеуге байланысты ақша ағынын жіктеу хеджирленген баптарға байланысты ағындарды жіктеумен бірдей.

#### 4 . Қ а р ж ы л ы қ қ ы з м е т

62. Қаржылық қызметтен пайда болған ақша ағынын жеке-жеке ашу - банк үшін болашақтағы ақша ағынына арнап капитал ұсынушы заңды және жеке тұлғалардан түсетін шағым талаптарды болжауға мүмкіндік береді. Жалпы түсім мен қаржылық қызметтен алынған ақшаның негізгі түрлері жеке көрсетілуі тиіс. Қаржы қызметінің нәтижесінде пайда болған ақша ағынына мыналарды мысалға а л у ғ а б о л а д ы :

- 1) акциялар эмиссиясынан ақша түсімдері;
- 2) банк акцияларын сатып алу немесе өтеу үшін иеленушілерге ақшалай т ө л е м д е р ;
- 3) борыштық міндеттемелерді шығарудан түскен ақша түсімдері.

#### 5 . А қ ш а а ғ ы н ы н ы ң ө з а р а е с е б і

63. Операциялардың нәтижелері болып табылатын төменде келтірілген ақша ағыны нетто-әдіс бойынша ақша қозғалысы туралы есепте көрсетілуі мүмкін:

- 1) өтеу мерзімі белгіленген салымдарды (депозиттерді) қабылдауға және қайтаруға байланысты ақшаның түсуі және төленуі;
- 2) басқа банктердегі салымдарға (депозиттерге) ақша орналастыру және осы салымдарды (депозиттерді) өтеу (қайтару); және
- 3) клиенттерге заемдар ретінде ақша беру және осы заемдарды өтеу (қайтару).

#### 6 . В а л ю т а л ы қ а қ ш а а ғ ы н ы

64. Шетел валютасымен операциялар жүргізу нәтижесінде пайда болған ақша ағыны банктің есеп саясаты арқылы қабылданған ақша айналысы пайда болған күнгі бағаммен шетел валютасы сомасымен қолдану арқылы теңгемен к ө р с е т і л е д і .

65. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын еншілес ұйымның шетел валютасындағы ақша ағыны банктің есеп саясаты арқылы қабылданған ақша қозғалысы пайда болған күнгі бағам бойынша теңгемен қайта с а н а л у ы т и і с .

66. Шетелдік валюта бағамын өзгертуден туындаған пайдаланылмаған кіріс пен шығын ақша қозғалысы болып табылмайды. Сонымен бірге банктің есеп саясаты қабылдаған бағамының қолдағы немесе шетел валютасымен алынады деп күтілетін ақшаға және оның баламасына тигізетін әсері есеп берілетін кезеңнің басындағы және аяғындағы ақша сомасын және оның баламаларын келісу үшін ақша қозғалысы туралы есепте көрсетіледі. Шетел валютасы бағамының өзгеруінен түскен пайдаланылмаған кіріс немесе шығын сомасы операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижесінде пайда болған ақша ағынынан бөлек көрсетіледі және егер ақша ағыны кезеңнің аяғында банктің есеп саясаты қабылдаған бағамы бойынша есепте көрсетілген жағдайда айырмашылықты қоса көрсетеді.

#### 7. Төтенше жағдайлар

67. Төтенше жағдайлар нәтижесінде пайда болған ақша ағыны қай санатқа жататындығына байланысты операциялық, инвестициялық немесе қаржылық қызмет ретінде жіктеледі және мәндері жеке-жеке ашып көрсетіледі. Бұл қаржы есебін пайдаланушыларға осындай жағдайлардың мәні мен банктің бар және болашақ ақша ағындарының әсерін түсінуге ықпал етеді.

#### 8. Сыйақы

68. Банк операциялық қызмет ретінде жіктейтін сыйақы ретінде алынған және төленген ақша ағынының мәні бөлек ашылып көрсетілуі тиіс.

#### 9. Табыс салығы

69. Табыс салығына байланысты пайда болатын ақша ағынының мәні бөлек ашылып көрсетіледі және инвестициялық немесе қаржылық қызметке тікелей қатысты болған жағдайларды қоспағанда, операциялық қызметтен пайда болған ақша ағыны санатына жатқызылады.

70. Табыс салығын төлеу ақша ағыны операциялық, инвестициялық немесе қаржылық қызметке жатқызылуы мүмкін түрлі операциялар бойынша жасалады. Ақша ағыны инвестициялық немесе қаржылық қызметке жатқызылатын операциялар бойынша салық жөніндегі шығыстардың пайда болуына қарамастан, көбінесе салық төлеуге тікелей қатысты ақша ағынын айқындау қиын болады, өйткені мұндай ағындар салық салу операциясы жүргізілген кезеңнен өзгеше кезеңде де пайда болуы мүмкін. Осындай қиындықтарды ескере отырып, салық төлеу жөніндегі ақша ағыны операциялық қызметке жиі жатқызылады. Сондай-ақ мұндай қиындықтар болмаған жағдайда салыққа қатысты ақша ағыны салық салуға жатқызылған операциялар бойынша ақша ағыны жатқызылған тиісті санатқа (қаржылық немесе инвестициялық) жатқызылады. Салыққа

қатысты ақша ағыны қызметтің бірнеше санатына жатқызылған жағдайда төленген салықтың жалпы сомасының мәні ашылып көрсетіледі.

10. Еншілес және тәуелді ұйымдардағы және бірлескен қызметке қатысу үлесіндегі инвестициялар

71. Еншілес немесе тәуелді ұйымның құн әдісі немесе үлестік қатысу бойынша есепке алынатын инвестициялары бар банк ақша қозғалысы туралы есепте олар туралы ақпарат берген кезде банк пен еншілес немесе тәуелді ұйым арасындағы ақша ағыны, мысалы, дивидендтер мен заемдар бойынша ақша ағыны туралы мәліметтермен шектеледі.

72. Есепте теңбе-тең шоғырландыру әдісін қолдана отырып көрсетілген бірлескен қызметке қатысу үлесі бар банк ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есепке бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаның ақша ағынының теңбе-тең үлесін кіргізеді. Есепте бірлескен қызметке қатысу үлесін көрсету үшін қатысу әдісін пайдаланған жағдайда ақша қозғалысы туралы есепке банк инвестициясына қатысты бірлесе бақыланатын заңды тұлғаға байланысты ақша ағыны, банк пен бірлесе бақыланатын заңды тұлға арасындағы бөлу және басқа да төлемдер немесе түсімдер кіргізіледі.

11. Еншілес ұйымдарды сатып алу және сату

73. Еншілес ұйымдардың сатып алу және сатуы нәтижесінде пайда болған ақша ағынының жалпы сомасы жеке көрсетіледі және инвестициялық қызмет ретінде жіктеледі.

74. Банк еншілес ұйымдарды есепті кезең ішіндегі сатып алу бойынша, сол сияқты сату бойынша да мыналардың мәнін ашып көрсетеді:

- 1) сатып алу немесе сатудың жалпы құны;
- 2) сатып алу немесе сату жалпы құнының ақшамен немесе олардың баламасымен төленген бөлігі;
- 3) сатып алынған немесе сатылған еншілес ұйымға тиесілі ақша сомасы және оның баламасы;
- 4) еншілес ұйымның әрбір негізгі санаты бойынша ақшадан және оның баламасынан басқа сатып алынған немесе сатылған активтері мен міндеттемелер сомасы.

75. Сатып алынған немесе сатылған активтер мен міндеттемелер сомасы мәнінің жеке ашылуын көрсете отырып, еншілес ұйымдарды сатып алудан немесе сатудан пайда болған ақша қозғалысы нәтижелерінің мәнін жеке ашып

76. Еншілес ұйымды сатып алу немесе сату кезінде төленген немесе алынған жалпы ақша сомасы еншілес ұйыммен бірге алынған немесе төленген ақшаны және оның баламасын қоспағандағы ақша айналысы туралы есепте көрсетіледі.

77. Ақша немесе оның баламасын пайдалануды қажет етпейтін, яғни ақша қозғалысын (түсуін немесе жұмсалуды) тудырмайтын инвестициялық және қаржылық операциялар ақша қозғалысы туралы есепке енгізілмейді және осындай инвестициялық және қаржылық қызмет туралы орынды ақпараттарды қамти отырып, түсініктеме жазбада мәні жеке ашылып көрсетіледі.

1) тиісті міндеттемелерге тікелей қабылдау арқылы не қаржылық жалға алу арқылы активтер сатып алу;

2) банктің шығарылатын акцияларына айырбастап заңды тұлға сатып алу; және

3) банктің акцияларына айырбастау арқылы борыштық міндеттемелерді өтеу.

79. Банк ақша және оның баламаларының құрамының мәнін ашып көрсетуі және ақша қозғалысы туралы есепте бухгалтерлік баланста ұсынылған балама баптармен бірге сомалардың салыстырмасын ұсынуы тиіс.

80. Банк түсіндірме жазбада банктегі ақшаның және оның баламасының елеулі қалдығының, бірақ топтың пайдалануына қолы жетпейтін сомасының мәнін ашып көрсетуі тиіс.

81. Ақшаның және оның баламасының қалдығын топтың пайдалануына түрлі себептер бойынша мүмкін болмауы ықтимал, мысалы ақшаның немесе оның баламасының қалдығы валюталық бақылау немесе мұндай қалдықтарды негізгі немесе топтың басқа да еншілес ұйымдарының жалпы пайдалануына кедергі жасайтын шектеулер қолданылатын елде жұмыс істейтін еншілес ұйымдарда  
б о л у ы м ү м к і н .

82. Пайдаланушыларға қаржылық жағдайды және банктің өтімділігін түсіну үшін қосымша ақпарат қажет болуы мүмкін. Мұндай ақпараттың мәнін түсіндірме жазбада ашып көрсету көтермеленеді және оған мыналар кіреді:

1) осы қаражатты пайдалану бойынша қойылған шектеулерді көрсете отырып , болашақтағы операциялық қызметтерге және инвестициялық міндеттемелерді реттеуге жіберілуі мүмкін болатын алынып пайдаланылмаған заем қаражатының  
с о м а с ы ;

2) теңбе-тен шоғырландыру әдісі бойынша есепте көрсетілетін операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтер бойынша жеке-жеке бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлесіне жатқызылатын ақша ағынының жалпы сомасы;

3) операциялық мүмкіндіктерді молайтуға арналған осы мүмкіндіктерді қолдауға арналған ақша ағынынан бөлек ақша ағынының жалпы сомасы;

4) әрбір есеп беретін салалық немесе географиялық бөліктер бойынша операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтерден пайда болатын ақша  
а ғ ы н ы с о м а с ы .

83. Банктің операциялық мүмкіндіктерін молайтуға бағытталған операцияларды жүргізу нәтижесінде пайда болған ақша ағынының және осы мүмкіндіктерді қолдауға қажетті операциялар бойынша пайда болған ақша ағынының мәнін жеке-жеке ашып көрсету пайдаланушыларға банктің операциялық мүмкіндіктерін қолдауға бағытталған қаражаттың жеткіліктілік дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Банктің көбінесе ағымдағы өтімділік деңгейін қолдау мен банк құрылтайшылары (акционерлері) арасында ресурстарды үлестіруге байланысты операциялық мүмкіндігін қолдауға және дамытуға арналған қаражаттың жеткіліксіз бөлінуі банктің болашақ тиімділігіне  
к е р і ә с е р е т у і м ү м к і н .

84. Есеп беретін сегменттер бойынша ақша ағыны туралы ақпаратты ашып көрсету пайдаланушылардың банктің ақша ағындары арасындағы өзара байланысты, тұтас алғанда оның құрамдас бөліктерімен, сондай-ақ сегменттер бойынша ақша ағынының болуын және өзгеруін жақсырақ түсінуге көмектеседі.

## **7-тарау. Капиталдағы өзгерістер туралы есеп**

85. Банктің қаржылық есебінде жеке нысан ретінде ұсынылатын банк капиталындағы өзгерістер туралы есепте мынадай ақпараттар болуы тиіс:

- 1) есепті кезең ішіндегі таза кіріс немесе шығын;
  - 2) басқа стандарттардың талаптарына сәйкес тікелей капиталға жатады деп танылатын әрбір кіріс пен шығыс баптары және осы баптардың жалпы жиынтығы;
  - 3) есеп саясатындағы өзгерістер мен негізгі қателерді түзетудің жиынтық нәтижесі;
  - 4) құрылтайшылармен (акционерлермен) капитал бойынша операциялар және оларды үлестіру;
  - 5) есеп берілетін кезеңнің басындағы және есеп берілетін күнгі жинақталған таза кіріс немесе шығын сомасы, сондай-ақ кезең ішіндегі өзгерістер;
  - 6) есеп беріліп отырған кезеңнің басындағы және аяғындағы капиталдың, акция эмиссиясынан түскен кірістің әр бабының баланстық құны мен әрбір резервін салыстыра отырып, әрбір өзгерістің мәнін жеке-жеке ашып көрсету.
- Банк осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген ақпараттың мәнін капиталдағы өзгеріс туралы есепте, не оған түсіндірме жазбада ашып көрсетуі мүмкін.

86. Есеп беріліп отырған кезең ішіндегі банк капиталындағы өзгерістер есепті кезең ішіндегі таза активтердің көбеюі мен азаюын немесе қаржылық есепте қабылданған және ашылып көрсетілетін бағаның нақты принципiне байланысты қаржылық жай-күйін көрсетеді. Капиталға инвестиция және дивиденд сияқты акционерлермен жасалған операцияларды қоспағанда, капиталдағы жалпы өзгеріс есеп беріліп отырған кезең ішінде банк қызметінің нәтижесінде пайда болған жиынтық кірісті және шығынды білдіреді.

87. Банктің есеп беріліп отырған кезең ішіндегі қаржылық жағдайын бағалау кезінде барлық кірістер мен шығындар ескеріледі, соған байланысты капиталда тікелей есепке алынатын жиынтық кіріс пен шығынды қоса алғанда жеке қаржылық есеп нысанын ұсыну талап етіледі.

88. Капиталдағы өзгеріс туралы есеп пайдаланушылардың кезең ішіндегі банк қызметінен туындайтын жиынтық кіріс пен соманы шығаруға мүмкіндік береді. Бұл кірістер немесе шығыстар бабының, тікелей есепке алынатын таза кірістер мен шығындардың аралық нәтижелерін көрсете отырып қамтамасыз етіледі.

89. Қаржылық есепке түсіндірме жазбада банк мыналарды көрсетеді:

- 1) қаржылық есепті дайындаған кезде пайдаланылатын тәсілдер мен әдістер және банктің есеп саясатының негізгі ережелері туралы мәліметтер;
- 2) қаржылық есептің басқа құрамдас бөлігінде көрсетілмеген бухгалтерлік есептің стандарттары талап ететін ақпараттың ашылуы;
- 3) қаржылық есепте көрсетілмеген, оны шынайы ұсынуға қажетті қосымша мәліметтер.

90. Қаржылық есепке түсіндірме жазбада бухгалтерлік баланста, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте және ақша қозғалысы туралы есепте көрсетілген сомаларға хабарлама сипаттамалар немесе неғұрлым нақты талдаулар, сондай-ақ пайдаланушылар үшін пайдалы, мысалы шартты міндеттемелер сияқты қосымша мәліметтер беріледі. Түсіндірме жазбада бухгалтерлік есеп стандарттарына негізделіп және сүйене отырып мәнін ашу немесе сондай-ақ басқа да сенімді ұсыныстарға қол жеткізу үшін мәні ашылатын қажетті ақпарат болады.

91. Түсіндірме жазба реттелген түрде ұсынылады. Бухгалтерлік баланстағы әрбір бап бойынша, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепте және ақша қозғалысы туралы есепте оған қатысты кез келген ақпаратқа қарама-қарсы сілтемелер жасалады.

92. Түсіндірме жазбада ақпарат берудің пайдаланушылардың есеп беруді түсінуіне ықпал ететін және оны басқа субъектілердің қаржылық есебімен салыстыру тәртібі әдетте мынадай болып табылады:

- 1) бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкестігі туралы ақпарат;
- 2) қолданылатын бағалау негізі (негіздері) және есеп жүргізу саясаты туралы мәліметтер;
- 3) қаржылық есептің әрбір бабы немесе әрбір нысаны ұсынылған тәртіпке сәйкес қаржылық есеп нысандарында ұсынылатын ақпараттар бойынша қосымша мәліметтер; және
- 4) шартты талаптарды және шартты міндеттемелерді, жасалған келісімдерге сәйкес қабылданған міндеттемелерді, қаржылық және қаржылық емес сипаттағы басқа да ашуларды қоса алғанда өзге де мәнін ашулар.

93. Кейбір жағдайларда қажет болғанда немесе неғұрлым ыңғайлы ұсыну үшін түсіндірме жазбада ақпарат ұсыну тәртібі өзгеруі мүмкін. Мысалы, сыйақы

ставкаларына қатысты түсіндірулер және қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есепке қатысты әділ құнға түзету енгізу қаржылық активтерді өтеу мерзімі туралы түсіндірулермен немесе бухгалтерлік балансқа қатысы бар міндеттемелермен біріктірілуі мүмкін. Бірақ, сонымен қатар түсіндірмелер берудің жүйелі түрдегі дәйектілігі қолайлы болуына орай сақталады.

94. Қаржылық есеп беру мен есеп жүргізу саясаты туралы мәлімет қаржылық есепке түсіндірме жазбаның алдынан жеке есеп ретінде ұсынылуы мүмкін.

95. Төменде келтірілетін ақпараттар қаржылық есеппен бірге жарияланатын кез-келген басқа қосымшаларда келтірілмеген жағдайда түсіндірме жазбада келтіріледі:

- 1) банктің атауы және мекен-жайы;
- 2) банк операциясының негізгі қызметі мен операцияларының сипаттама жазбасы;
- 3) банктің бас компаниясының атауы және банк құрамына кіретін топтың түпкілікті бас компаниясы; және
- 4) есеп берілетін кезеңнің аяғындағы қызметкерлердің саны немесе есеп берілетін кезең ішіндегі қызметкерлердің орташа саны.

96. Қаржылық есепте ұсынылатын ақпарат пайдаланушылардың баланстық және баланстан тыс қаржы құралдарының қаржылық жағдайға, банктің қызмет нәтижесіне және ақша қозғалысына ықпалын түсінуге көмектесуі және осы құралдарға байланысты алдағы кезеңдегі ақша ағынының көлемін бағалауға уақыт бойынша бөлуге және айқындауға ықпал етуі тиіс. Осыған байланысты қаржылық активтердің, қаржылық міндеттемелердің және бухгалтерлік баланста танылған, сол сияқты танылмаған үлестік құралдардың әрбір сыныбы бойынша банк мыналарды ашуы керек:

- 1) қаржылық құралдардың құндық өлшемдері мен сипатының елеулі талаптарымен қоса, олар туралы мәліметтер, бұл келешектегі ақша ағынының мөлшеріне, уақытқа бөлуіне және белгілі болуына әсер етеді;
- 2) есеп жүргізу саясатын және қабылданған әдістерді, оның ішінде бухгалтерлік баланстағы құралдарды тану өлшемдері және оларды бағалауға арналған базаны;
- 3) сыйақы ставкасын қайта қараудың және төлем жасау мерзімінің басталуының қайсысының бұрын басталғанына байланысты шартта көзделген күні;
- 4) сыйақы қолданылған жағдайда, оның тиімді ставкалары.

97. Банк хеджирлеу есебі қолданылатын болжамды операциялардың әрбір нақты түрін хеджирлеу саясатын қоса отырып, қаржы тәуекелдерін басқаруда қолданылатын саясаттың мақсатын сипаттауы тиіс.

#### **9-тарау. Есеп жүргізу саясаты**

98. Банк есеп жүргізу саясатын ашу кезінде мыналарды сипаттауы тиіс:

1) қаржы есептерін әзірлеу үшін пайдаланған бағалау негіздері (немесе негіздер) ;

2) қаржы есебін дұрыс түсіну үшін нақты мәні бар есеп саясатының әрбір нақты талаптары .

99. Банк қаржы есебін жасау кезінде қолданылған негізгі талаптарды пайдаланушыларға түсіндіру үшін есеп саясатының:

1) кірістің негізгі түрлерін тануға;

2) банктер сатып алатын бағалы қағаздарды бағалауға;

3) нәтижесінде бухгалтерлік баланстағы активтер мен міндеттемелер танылатын операциялар мен басқа жағдайлар және нәтижесінде шартты міндеттемелер мен талаптар туындайтын операциялар мен басқа жағдайлар арасындағы шек қоюларға ;

4) берілген заемдар бойынша үмітсіз берешекті тануға арналған негіздерге және оларды есептен шығару тәртібіне;

5) жалпы банк тәуекелдерін жабуға арналған резервтер құру жөніндегі есептеулерді белгілеуге арналған негіздерге және осындай есептеулерді есепке алу әдістеріне қатысты талаптардың ашылу қажеттігі тууы мүмкін.

100. Қаржылық есеп беруде қолданылатын нақты есеп жүргізу саясатына қосымша ретінде тұтастай алғанда қаржылық есепті жасауға негіз болатын бағалау негіздері (бастапқы құны, ағымдағы құны, сату құны, дисконтталған құны) көрсетілуі тиіс. Қаржылық есепте бағалау негіздерінің бірден астамын пайдаланған кезде, мысалы қайта бағалауға активтердің тек белгілі санаттары ғана жататын болса, бұған әрбір негіздеме қолданылатын активтердің санаттарын көрсету жеткілікті .

101. Есеп жүргізу саясатын ашу пайдаланушыларға операциялар мен жағдайларды есепте көрсету әдісін түсінуге көмектеседі және осымен ғана шектелмей мыналар болуы тиіс:

1) кірісті тану ;

2) еншілес және тәуелді ұйымдарды қоса отырып, шоғырландыру принциптері ;

3) басқа заңды тұлғалармен қосылу;

- 4) біріскен қызмет;
- 5) материалдық және материалдық емес активтерді тану және амортизациялау ;
- 6) құрылым мердігер шарты;
- 7) жылжымайтын мүлікке инвестициялар;
- 8) қаржы құралдары мен инвестициялар;
- 9) жалдау ;
- 10) зерттеуге және әзірлеуге жұмсалатын шығындар;
- 11) тауар-материалдық қорлар;
- 12) салықтар, оның ішінде мерзімі ұзартылған салықтар;
- 13) резервтер ;
- 14) зейнетақы қамсыздандырылуы жөніндегі шығындар;
- 15) шетел валютасын қайта санау және тәуекелдерді хеджирлеу;
- 16) салалық және географиялық сегменттерді белгілеу және сегменттер арасындағы шығынды бөлуге арналған негіздер;
- 17) ақшаны белгілеу және олардың баламалары;
- 18) инфляциялық процестер ықпалы салдарынан қаржылық есептер баптарындағы өзгерістер; және
- 19) үкімет гранттары (субсидиялары).

102. Егер банк шетелде көлемді операциялар немесе шетел валютасымен операциялар жүргізетін болса, есеп жүргізу саясаты оң және теріс бағам айырмашылықтарын тануға және оларды хеджирлеуге қатысты ашылуы тиіс. Іскерлік беделге және азшылықтың үлесіне қатысты қолданылатын саясат шоғырландырылған қаржылық есепте көрінеді.

## **10-тарау. Шартты міндеттемелер және шартты талаптар**

103. Банк қайтарылмайтын заемдар бойынша шартты міндеттемелердің сипатын және сомасын ашуы тиіс, мұнда банк елеулі айыппұл санкцияларын немесе шығыстарды төлеу тәуекелінің туындауынсыз өз қалауынша қайтара алмайды, сондай-ақ баланстан тыс баптардан туындайтын шартты міндеттемелер мен шартты талаптардың сипаты мен сомасы, мыналарды қоса алғанда:

1) тікелей кредиттеудің алмастырушыларына, мұнда банк алынған бірақ қандай да бір себептермен өтелмеген кепілдік алушылардың борыш сомасын өтеуге кепілдік береді, бұған оның ішінде берешек бойынша жай кепілдіктер, басқа банктер берген кепілдіктерді (акцептерді) қабылдауға кепілдіктер және заемдар мен бағалы қағаздар бойынша қаржы кепілдіктер ретінде пайдаланатын резервтік аккредитивтер ;

2) тауардың немесе сатушы көрсететін қызметтің белгіленген стандарттарға сәйкес болуы туралы сатып алушының кепілдігімен қоса жүргізілген банк операцияларына байланысты белгіленген шартты міндеттемелер мен шартты талаптар; сатушы тендерді жеңіп алған жағдайда, жабдық алуға арналған келісім-шарт бойынша сатушының өз міндеттемелерін орындауы туралы тендер өткізуші сатып алушыға берген кепілдік; белгіленген уақыт кезеңі ішінде сатып алушы сатып алған жабдыққа сатушының қызмет көрсетуі туралы сатып алушыға берген кепілдік; және банктің жекелеген операцияларына қатысы бар резервтік аккредитивтер;

3) құжаттамалық заемдар сияқты тауар қозғалысы салдарынан туындайтын сауда операциялары бойынша қысқа мерзімді өзінен-өзі жойылатын шартты міндеттемелер мен шартты талаптар, осындай заемдар негізіне жататын тауар бойынша қамтамасыз ету ретінде пайдаланылады;

4) банктің бухгалтерлік балансында танылмаған сату және кері сатып алу келісімдері;

5) туынды құралдарды қоса отырып, сыйақы ставкасына және валюта бағамына қатысты ставкалар (своптар, опциондар, фьючерстер және басқалары);

6) басқа шартты міндеттемелерге, борыштық міндеттемелерді шығару бағдарламаларына және борыштық міндеттемелердің кепілге тартылған автоматты түрде жаңартылған бағдарламалар жатады.

104. Банктер келісімдерді жиі жасайды, бірақ келісімдер жасау кезінде активтер немесе міндеттемелер ретінде бухгалтерлік баланста танылмайды, бірақ бұл шартты талаптар мен шартты міндеттемелердің туындауына әкеледі. Мұндай баланстан тыс баптар әдетте банк қызметінің маңызды бөлігі болады және банк тап болатын тәуекел деңгейіне едәуір ықпал етуі мүмкін. Бұл баптар басқа тәуекелдерді көбейтуі немесе төмендетуі мүмкін, мысалы бухгалтерлік баланста танылған активтерді немесе міндеттемелерді хеджирлеу арқылы. Баланстан тыс баптар клиенттердің атынан жасалынған келісімдер немесе меншік сауда операциялары нәтижесінде туындауы мүмкін.

105. Банктің қаржылық есебін пайдаланушыларға өтімділік және төлем қабілеттілігі және осыған байланысты ықтимал әлеуетті шығындар туралы банктің шартты талаптары мен шартты міндеттемелері туралы ақпарат қажет. Пайдаланушыларға сондай-ақ банк өткізген баланстан тыс операциялардың сипаты мен сомасы туралы бара-бар ақпарат қажет болады.

106. Банк шартты міндеттемелер мәнінің, шартты міндеттемелердің әрбір бабы бойынша ресурстардың өтеуге арналған кез келген шығулары болар-болмас

болып табылатын жағдайлардан басқасының қысқаша сипатын ашуы тиіс. Сондай-ақ тиімді жағдайда мәнін ашуға мыналар жатады:

- 1) шартты міндеттемелердің қаржылық ықпалын бағалау мәні;
- 2) сомаға немесе шығу уақытына қатысты белгісіздіктер;
- 3) кез келген өтемнің мүмкіндігі.

107. Экономикалық пайда түсу мүмкіндігі болған кезде банк есеп беретін күнге және тиімді жағдайда пайданың қаржылық ықпалының бағалау мөлшеріне шартты талаптар мәнінің қысқаша сипатын ашуы тиіс. Шартты талаптарға қатысты мұндай мәнін ашуларда кірістің туындау мүмкіндігін адастыратын нұсқаулар болмауы тиіс.

108. Егер шартты талаптар мен шартты міндеттемелер туралы кейбір немесе барлық ақпараттар практикалық тиімсіздік себебімен ашылмаса, бұл факт көрсетілуі тиіс.

109. Шартты талаптар мен шартты міндеттемелер туралы кейбір немесе барлық ақпараттардың мәнін ашу шартты міндеттемелердің немесе шартты активтердің мәні бойынша басқа тараптармен болатын дау кезінде банктің ахуалына айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, мұндай жағдайлар төтенше сирек жағдайларда болады, банк мұндай ақпараттарды ашуы тиіс емес, бірақ даудың жалпы сипатын фактілер мен ақпараттардың ашылмау себептерімен бірге ашуы тиіс.

## **11-тарау. Қаржылық активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі**

110. Банк қаржылық активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімін талдауды есеп беретін күннен оларды өтеу күніне дейін қалған мерзімге сәйкес бөлінген топтар бойынша ашуы тиіс.

111. Қаржылық активтер және міндеттемелер бойынша өтеу мерзімі мен сыйақы ставкаларының сәйкестігін талдаудың банк басшылығының бірыңғай басқару шешімдерін қабылдауға, оның ішінде қажетті өтімділік деңгейін қолдауға негіз болатын мәні бар. Әдетте банк белгісіз шарттары бар әр түрлі мәмілелер жасағандықтан толық сәйкестікті қамтамасыз ете алмайды. Аталған көрсеткіштердің сәйкес болмауы ықтимал шығындардың тәуекелдерін арттырады, бірақ дәл осы уақытта банктің қосымша кіріс алу мүмкіндігі артуы мүмкін.



сыйақы ставкасының әсері және сыйақы ставкасының өзгеру тәуекелін басқару және бақылау үшін пайдаланатын әдістер туралы ақпараттар беруі мүмкін.

116. Банкке орналастырылған салымдар (депозиттер), сондай-ақ оларға берілген салымдар талаптар бойынша алынуы тиіс. Алайда мұндай салымдар тәжірибеде ұзақ мерзімге алынбай немесе төлем жасалмай жиі қалып қояды, бұл орайда нақты төлем шартта белгіленген күннен кешірек жасалады. Соған қарамастан банктің талдауды ашуы шартта белгіленген мерзімге сәйкес жасалынады, бұл талаптар мен міндеттемелерге байланысты өтімділік тәуекелін көрсетеді, кейде олар нақты мерзімге сәйкес келмейді.

117. Банктің кейбір активтерінде шартта белгіленген өтеу мерзімі жоқ. Мұндай активтер бойынша төлемнің ықтимал мерзімі әдетте олардың жүзеге асырылатын күнімен алынады.

118. Пайдаланушылар банктің өтімділігін банк үшін қаражаттың қолайлы екенін ескере отырып, төлемнің басталу мерзімі бойынша топтастырылып берілетін мәліметтер негізінде бағалайды.

119. Пайдаланушылардың талаптар мен міндеттемелерді өтеу мерзіміне қарай топтастырылуын толық түсінуін қамтамасыз ету үшін уақыттың қалған кезеңі ішінде төлем жасаудың мүмкіндігі туралы ақпараттардың қаржылық есепте қосымша ашылуын талап етуі мүмкін. Осыған байланысты басшылық түсіндірме жазбаға нақты өтеу мерзімі және тәуекелдерді басқару және бақылау әдістері туралы, сондай-ақ өтеу мерзімінің әр түрлі кестелеріне және сыйақы ставкаларына байланысты проблемалар туралы ақпараттар беруі мүмкін.

## **12-тарау.           Активтердің,           міндеттемелердің           және баланстан           тыс           баптардың           шоғырландырылуы**

120. Банк өз активтерінің, міндеттемелерінің және баланстан тыс баптарының кез келген елеулі шоғырлануының мәнін ашуы тиіс. Бұлар географиялық аймақтар, клиенттер немесе салалық топтар бойынша не тәуекелдің басқа көздері бойынша ашылады. Банк, сондай-ақ шетел валютасындағы елеулі соманың көлемін ашуы тиіс.

121. Активтерді бөлу бойынша және міндеттемелердің негіздері бойынша елеулі шоғырлануының мәнін банк ашады, өйткені олар банктер қол жеткізген активтер мен ресурстарды жүзеге асыруға байланысты әлеуеттік тәуекелдердің

ыңғайлы индикаторы болып табылады. Мәнін ашу географиялық аймақтар, клиенттер және банк қызметінің ықтимал талаптарымен тәуекелдің салалық топтары немесе басқа да негіздер бойынша жүргізіледі. Географиялық аймақтар жекелеген елдерден, елдің тобынан немесе елдің ішкі аумақтарынан тұрады; клиенттер бойынша ашу мемлекеттік органдар, сауда және өнеркәсіптік кәсіпорындар сияқты сектор бойынша жүргізіледі.

122. Шетел валютасымен елеулі соманы ашу валюта бағамының өзгеру нәтижесінде туындаған шығындар тәуекелінің көрсеткіштері болып табылады.

### **13-тарау. Заемдар бойынша шығындар**

123. Банк мынадай ақпараттарды ашуы тиіс:

1) заемдар бойынша өндіріп алуға үмітсіз берешектің негізін сипаттайтын есеп жүргізу саясаты шығыс ретінде танылады және есептен шығарылады;

2) есепті кезең ішінде заемдар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер сомасының жан-жақты қозғалыстары. Бұл орайда заемдар бойынша өндіріп алуға үмітсіз берешек бойынша шығындарды жабуға арналған шығыстар есебінен есепті кезеңде құрылған резервтер сомасы бөлек көрсетілуі тиіс; банктің балансынан құрылған резервтер есебінен есепті кезең ішінде есептен шығарылған заемдар сомасы; және бұрын есептен шығарылған заемдардың орнын толтыру есебінен есепті кезең ішінде алынған сома;

3) есепті күнге арналған заемдар бойынша өндіріп алуға үмітсіз берешек бойынша шығындарды жабуға арналған резервтердің жалпы сомасы; және

4) сыйақы есептелмейтін банктің бухгалтерлік балансында есептелетін заемдардың жалпы сомасы және осы соманы белгілеу әдісі.

124. Мөлшері белгіленген заемдар бойынша шығындарды жабуға, сондай-ақ кредиттік портфель бойынша ықтимал шығындарды жабуға арналған резервтердің қосымша сомасы бөлінбеген таза кіріс есебінен құрылады, бұл жөнінде өткен тәжірибе негізінде пікір айтуға болады. Егер бұрын құрылған қосымша резервтер сомасы азаятын болса, осы қосымша резервтердің есебінен құрылған бөлінбеген таза кіріс сомасын көбейтеді және осыған орай есепті кезеңдегі таза кірісті немесе шығынды белгілеу кезінде есеп айырысуға қ а б ы л д а й д ы .

125. Банктер өз қызметі барысында берілген заемдар мен басқа талаптар бойынша берешекті ішінара немесе толық қайтармау жағдайларымен жиі кездеседі. Мөлшері белгіленген шығындар шығыс ретінде танылады және

олардың сомасына кредиттік қызметтен түскен шығынды жабуға арналған резервтер шегінде құрылады, талаптардың (заемдардың) тиісті санаттарының мөлшері азаяды. Банктің кредит портфелінде бұрынғы тәжірибеге сүйене отырып, бар екендігі туралы білуге болатын расталмаған, бірақ көп шығын сомасы да шығыс ретінде танылады және кредит қызметінен болған шығындардың орнын жабуға арналған резервтер шегіндегі сомаға банктің бухгалтерлік балансындағы заемдардың жалпы сомасына азайтылатын болады. Осындай шығындардың мөлшерін белгілеу басшылықтың шешімдеріне байланысты, осыған орай басшылықтың түрлі кезеңдерде қолданатын осы шығынның мөлшерін белгілеу әдістерінің бірізділігі үлкен мәнге ие.

126. Қосымша резервтер сомасын құру есепті кезеңдегі таза кірісті немесе шығынды анықтау кезінде шығысты емес, таза бөлінбеген кірісті білдіреді. Осы соманың азаюы таза бөлінбеген кірістің ұлғаюына әкеледі және есепті кезеңдегі таза кірістің немесе шығынның есебіне кірмейді.

127. Қаржылық есеп пайдаланушылардың кредит қызметінен түскен шығындардың банк қызметінің қаржылық жағдайына және нәтижелеріне ықпал ету дәрежесін түсінуге, пайдаланушылардың банктің өз ресурсын тиімді пайдалану туралы кесім айтуына көмектесуге тиіс. Осыған байланысты банк қаржылық есепті жасау күні кредит қызметінен түскен шығындарды жабуға арналған резервтің жалпы сомасының және есепті кезең ішінде болған резерв өзгерістері ашылып көрсетіледі. Резервтегі бұрын есептен шығарылған, бірақ есепті кезең ішінде қалпына келтірілген соманы қоса отырып өзгеріс жеке к ө р с е т і л е д і .

128. Банк заемдар бойынша сыйақы есептемеуге шешім қабылдауы мүмкін, мысалы бұл заем бойынша сыйақы немесе негізгі борыш сомасын төлеу бойынша мерзімі өткен берешек бар болған жағдайда. Банк есепті күні сыйақы есептелмейтін заемдардың жалпы сомасының және осындай заемдар сомасын белгілеу үшін пайдаланылған негіздеменің мәні ашылады. Сондай-ақ, банктің осындай заемдар бойынша сыйақы түріндегі кірісті тануын және сыйақының есептелмеуі арқылы көрсетілетін қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепке әсер етуінің ашылуы көтермеленеді.

129. Қайтару мүмкіндігі жоқ заемдар кредит қызметі бойынша шығындардың орнын жабу үшін құрылған резервтер есебінен шығынға жазылады. Мұндайда банк айырмашылығы бар үмітсіз берешектердің есептен шығару мерзімін айқындайды: кейбір жағдайларда олар барлық қажетті заң рәсімдері аяқталғанға

дейін және шығынның түпкілікті сомасы айқындалғанға дейін есептен шығарылмайды; басқа жағдайларда, мәселен, егер заемшы сыйақы немесе негізгі борыш сомасын белгіленген мерзімде төлемесе, мұндай заемдар бұрынырақ есептен шығарылады. Заемдар бойынша үмітсіз берешекті есептен шығару мерзіміндегі осындай айырмашылықтардың болуын, мұндай кезде заемдардың жалпы сомасы мен кредит қызметінен болған шығынның орнын жабуға арналған резервтердің жалпы сомасының бірдей жағдайда айтарлықтай айырмашылығы болуы мүмкін екендігін ескере отырып, банк үмітсіз заемдарды есептен шығаруға қатысты өз саясатының мәні ашылады.

#### **14-тарау. Негізгі банктік тәуекелдер**

130. Алдағы уақытта болатын шығындар мен басқа да тәуекелдер енетін, пайда болуын болжауға болмайтын жалпы банктік тәуекелдердің болуы салдарынан болуы мүмкін шығындардың орнын жабуға арналған резервтер, не шартты міндеттемелер мен шартты талаптар таза бөлінбеген кіріс есебінен құрылады және жеке айқындалуға тиіс. Мұндай резервтердің мөлшері таза бөлінбеген кірісті арттыру есебінен қысқартылады және сонымен бірге есеп беріліп отырған кезеңдегі таза кіріс пен шығынды есептеуге әсерін тигізбейді.

131. Аталған резервтерді банк кредит қызметі бойынша шығындардың орнын жабу резервтері мен басқа да резервтерді толықтыру ретінде құра алмайды. Мұндай резервтерді құру міндеттемелерді арттыруға, активтерді төмендетуге немесе жасырын ақша есептеуге және резервтер жасауға әкеп соғуы мүмкін және банктің таза табысы мен капиталының көлемін бұрмалауға мүмкіндік береді.

132. Есеп беріліп отырған кезеңге таза кіріс пен шығысқа негізгі банктік тәуекелдердің немесе шартты міндеттемелердің немесе шартты талаптардың орнын жабу үшін резервтелген жасырын сома, не осындай резервтердің азаюы салдарынан таза кіріс мөлшерінің жасырын ұлғаюы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп кіретін болса, банк қызметі туралы мәнді және сенімді ақпарат бере алмайды. Осы сияқты, егер бухгалтерлік баланста берілетін банктің қаржы жағдайы туралы ақпаратта міндеттемелер жоғарылатылып, активтер төмендетіліп берілсе немесе резервтер құру бойынша жасырын есептеулер болса, онда ол мәнді және сенімді бола алмайды.

#### **15-тарау. Қамтамасыз ету ретінде салынған активтер**

133. Банк қамтамасыз етілген міндеттемелердің жалпы сомасын, сондай-ақ қамтамасыз ету ретінде салынған активтердің сипатын және баланстық құнын ашуға тиіс. Бұл мұндай қамтамасыз ету сомасына байланысты көбінесе айтарлықтай болады және банктің қаржылық жағдайын бағалауға елеулі ықпалын тигізе алады. Сонымен бірге нәтижесінде активтер салынған мәміле сипаты туралы ақпараттың ашылуы көтермеленеді.

## **16-тарау. Сенімді траст операциялары**

134. Егер банк маңызды траст қызметіне тартылған болса, бұл фактінің ашылуы және бұл қызметтің масштабы банктің қаржылық есебінде көрсетілуге тиіс.

Банктер сенімді меншік иесі ретінде жиі іс-әрекет жасайды немесе басқаша түрде жеке адамдардың, инвестициялық және зейнетақы қорларының немесе басқа ұйымдардың атынан активтердің сақталуын және орналастырылуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге сенімді басқаруға алынған активтер банкке тиесілі емес және осындай түрде банктің бухгалтерлік балансына жатады деп тануға болмайды және егер сенімхат бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда, баланстан тыс баптарға есепке алынады, соған байланысты әлеуетті міндеттемелердің пайда болу мүмкіндігіне қарай жеке ашылады. Банктің сейф операциялары (қабылданған құндылықтарды сақтау) траст қызметі ретінде қарастырылмауға тиіс.

## **17-тарау. Байланысты тараптармен операциялар жүргізу**

135. Банктің байланысты тараптармен операциялары тараптармен байланысты болып саналмайтын басқа әріптестерімен операциялар жасау шартынан ерекше жағдайда жүргізілуі мүмкін. Жиі байланыстағы тараптарға жеңілдік шарттары беріледі, мысалы, берілген заемдар үшін аз сыйақы, жай заемшыларға қарағанда берілген заемдардың көп сомасы, ресімдеудің аз болуы және басқа да шарттар.

136. Егер банк тікелей немесе жанама түрде, еншілес ұйымдар арқылы басқа заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының жартысынан астамына немесе осындай акциялардың елеулі бөлігіне, сондай-ақ жарғы немесе келісім бойынша рұқсат етілетін осындай заңды тұлғаның басшылығына қаржылық және оперативті саясатқа бағыттау өкілеттіктеріне ие болса, мұндай байланысты тараптар арасындағы өзара қатынастар туралы ақпарат олардың арасында операциялар жүргізілу-жүргізілмеуіне қарамастан жария етілуге тиіс.

Мұндай ақпаратты жария ету оны пайдаланушыларға байланысты тараптар арасындағы өзара қатынастардың ықпалы туралы қаржылық есепті ұсынушы банкке өз пікірін жасауға көмектесуге тиіс.

137. Егер байланысты тараптар арасында операциялар өткізілсе (тіпті жай қызмет барысында да), банк байланысты тараптармен жасалған өзара қарым-қатынастар сипаты туралы, өткізілетін операциялардың түрлері туралы, сондай-ақ қаржылық есепті түсіну үшін қажетті мұндай операцияларды құрайтын элементтер туралы ақпараттың мәнін ашуға тиіс, оған банк қабылдаған байланысты тараптарды кредиттеу саясатымен қатар, әдетте:

1) не сома түріндегі, не тиісті үлес түріндегі көлемінің мынадай көрсеткіштері жатады:

алынған немесе берілген ақшаның, мысалы, заемның немесе салымның (депозиттің) әрбір сомасы; мәнін ашуға кезеңнің басында және аяғында өтелмеген жиынтық соманы, сондай-ақ кезең ішінде болған заемдарды, салымдарды (депозиттерді) және басқа өзгерістерді енгізе алады;

сыйақы және төленген комиссия ретінде кірістің, шығыстың әрбір негізгі түрлерінен;

есеп беріліп отырған кезеңдегі заемдар мен резервтер сомасы бойынша шығын жұмсалған кезеңде танылған шығыстар сомасы; және

баланстан тыс баптардың болуы салдарынан пайда болған қайтарып алынбайтын міндеттемелер, шартты міндеттемелер және шартты талаптар;

2) басқа да сомалар немесе өтелуге тиісті баптардың тиісті үлестік көрсетілуі; және

3) баға қалыптастыру саясаты.

138. Ақпараттың жеке ашылуына байланысты тараптар арасындағы операциялардың банктің қаржылық есебіне ықпалын түсіну үшін қажет болған жағдайларды ескермегенде, сипаты жағынан ұқсас баптардың жинақталуына қарай мәнін ашуға болады.

Шоғырландырылған қаржылық есепте топтар арасындағы операциялар туралы ақпараттың мәнін ашу міндетті емес, өйткені шоғырландырылған қаржылық есепте банк туралы және бірлесіп есеп беретін субъект болып есептелетін оның еншілес ұйымдары туралы ақпарат беріледі. Тәуелді қатысу әдісін қолдану арқылы көрсетілген тәуелді ұйымдармен жасалған операциялар қаржы есебінен жойылмайды және сонымен қатар, байланысты тараптар арасындағы операциялар ретінде ақпараттың жеке ашылуын талап етеді.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК